

Жоғарыда айтылғандар негізінде іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуды екі топқа бөлуге болады. ҚР АПК-нің 277-бабының 1-3 тармақтарында көрсетілген мән-жайлар, тап осы іс бойынша қуынушы жақтың сотқа жүгінуге құқығы болмайтындығын куәландырады, яғни талап қою құқығының жойылатындығына алғы шарт болады. Судья бұл жағдайлардан бас тартып, іс қозғамауы керек. ҚР АПК 277-бабының қалған тармақтарында жазылған мән-жайлар, іс қозғалғаннан кейін пайда болады. Бұндай жағдайларда дау, талапкердің талаптан бас тартуы нәтижесінде, тараптардың татуласуы немесе тараптардың біреуінің қайтыс болуына байланысты жойылады [8, 341].

Іс бойынша іс жүргізу сот ұйғарымы бойынша тоқтатылады (егер іс жүргізу сот органдарының қарауына жатпайтын болса тоқтатылады, сот арызданушыға қай органға жүгінуі керектігін көрсетуге міндетті). Іс жүргізу іс бойынша тоқтатылған жағдайда, тараптардың сол дау бойынша екінші рет сотқа жүгінуі қабылданбайды (ҚР АПК 278-бабы).

Талоап қою арызын қараусыз қалдыру - азаматтық істің аяқталған түрі, арызданушының заңда көрсетілген іс қозғау жағдайын сақтамауы және іс жүргізудің дұрыс дамуы тәртібін сақтамау.

ҚР АПК-нің 279-бабы, ерекше әдістік істерді қарау тәртібі арызды қараусыз қалдыру жағдайы, арнаулы негізді қарастырады, құқық туралы даудың соттың қарауына жататындығы пайда болғанда. Осындай себептен талап қою арызын қараусыз қалдырғанда, қуынушы жаққа, жалпы негізде талап ету құқығы түсіндіріледі. Іс бойынша талап қою арызын қараусыз қалдыру, сот ұйғарымымен аяқталады. Бұл ұйғарымда сот, істі қарауға кедергі келтіретін, ҚР АПК-нің 279-бабында жинақталып көрсетілген жағдайларды жоюды көрсетуге міндетті.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Комментарий к ГПК РСФСР / Под ред. М.К. Треушников. – М.: изд. «СПАРК», 1996. – 588 с.
- 2 Қазақстан Республикасының азаматтық процесілік кодексі. 31 желтоқсан 2015 жыл // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>
- 3 Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Пленумының «Денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу бойынша заңдарды Республика соттарының қолдануының кейбір сұрақтары туралы» 9 шілде 1999 жылғы № 9 қаулысы // ҚР Жоғарғы Сотының бюллетені. – 1999. - № 7.
- 4 Марк Хьюлитт-Джеймс и Николас Гоулд Международный коммерческий арбитраж. Практическое пособие. Пер. с англ. и науч. ред. В.А.Смирнов. - Алматы: ТОО «Аян Әдет», 1999. – 180 с.
- 5 Қазақстан Республикасының «Соттардың мұрагерлік туралы заңдарды қолдануы бойынша кейбір мәселелері туралы» 18 желтоқсан 1992 жылғы; ҚР Жоғарғы Соты Пленумының қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. 22 желтоқсан 2000 жылғы // ҚР Жоғарғы Сот Бюллетені. - 2001. - № 1.
- 6 Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Пленумының «Бала тәрбиесіне байланысты дауды шешу кезінде соттардың заңдарды қолдануы туралы» 28 сәуір 2000 жылғы № 4 қаулысы // ҚР Жоғарғы Сотының бюллетені. – 2000. - № 5-6.
- 7 Қазақстан Республикасының «Төрелік туралы» 2016 жылғы 8 сәуірдегі Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000488>
- 8 Хрестоматия по гражданскому процессу / Под ред.: Треушников М.К. - М.: Городец, 1996. - 226 с.

### **ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫ ҚОРҒАУДЫҢ КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Жағалов Р.Б., азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының оқытушысы, з.ғ.м.,  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

*Қуанышбек М., заң факультетінің студенті, академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Интеллектуалдық меншікке құқықтардың негізгі иеленушілері Америка, Европа және Япония мемлекеттері болып табылады, бұл мемлекеттерге дүние жүзіндегі берілген барлық патенттің 2/3 бөлігі тиесілі. АҚШ-тың 1 млн тұрғынына жылына 500 патенттен есептеледі, Японияда бұл көрсеткіш жылына 1000 патенттен кем емес.

Қазақстан Республикасы тіркелетін патенттер саны бойынша ТМД-да Ресей, Украина мемлекеттерімен бір деңгейде. Қазақстан өндірістік меншікті қорғау бойынша Париж

конвенциясының толық мүшесі болып табылады, сонымен қатар тауарлық белгілерді тіркеу бойынша Мадрид келісімінің мүшесі. 1999 жылы АҚШ Қазақстан Республикасын интеллектуалдық меншікті қорғауды қамтамасыз ете алмайтын мемлекеттер қатарына енгізген болатын (арнайы шолу-301). Қазақстанның бұл тізімге енгізілуінің себептері:

1. Авторлардың құқықтарын жеткіліксіз тұрғыда қамтамасыз ету.
2. Авторлық құқықтарды қорғаудың ретроактивті тәсілдерінің болмауы.
3. Қазақстан Республикасының халықаралық интеллектуалдық меншікті қорғау ұйымына мүше болмауы.
4. Интеллектуалдық меншік құқығын бұзғаны үшін жауапкершілік көзделетін қылмыстық заңнаманың тиімсіздігі.

Авторлық-құқықтық қорғаудың жеткіліксіздігі кемінде үш тармақты білдіреді: Бірінші автор өз өнерінің жемісін толықтай пайдалана алмаған жағдайда, оның өнертабысқа құқықтарынан ерекше «оқшаулану»; Екінші авторлық құқық бұзушылық туралы істерді толық қамту; Үшінші зияткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтар үшін жазаның сәйкессіздігі.

Авторлық-құқықтық қорғаудың ретроактивтілігі заңның нормаларын заң күшіне енгенге дейін орын алған заңды фактілерге кеңейтуді көздейді. Бұл жерде ең алдымен, зияткерлік меншік құқығын қорғау туралы айтылады.

Қазақстанды ДЗМҰ келісімшарттарына, мысалы, орындаушылықтар мен фонограммаларға авторлық құқықтар туралы келісімге қосылмау, мүдделі субъектілер - жеке орындаушылар да, өндірушілер де, кейбір елдердің мемлекеттік органдары назарынан тыс қалмайды. Интеллектуалдық қарақшылықтан келетін шығындар жылына 20 миллиард долларды құрайды. Фальсификацияланған, жалған өнімдердің саны дүние жүзіндегі сауда айналымының 5-7% құрайды. Контрафактілі көлеңкелі тауар айналым өнімдері Ресейде 1-4 миллиард доллар аралығын қамтиды. Еуропалық Одақтың Генералды директораты Қазақстанда жеке меншік компаниялар арасында авторлық құқықтың қорғалу деңгейі жөнінде сауалнама жүргізген болатын. Сауалнама нәтижесінде директорат жеке меншікке авторлық құқықтың бұзылуы жиі қайталанатын үрдіс ретінде және қоғам бұл іс-әрекеттерге бұрыннан мойын сұңған деген шешімге келді. Еуропалық Одақтың Генералды директоратының мәліметтері бойынша Қазақстандық билік интеллектуалдық қарақшылықпен күресте қауқарсыз оның негізгі себептері ресурстардың жетіспеушілігі, тәжірибенің аздығы, жемқорлықтың жоғары деңгейде болуы.

Интернет желісіндегі авторлық құқықты қорғаудың проблемаларына тоқталып өтетін болсақ. Интернет желісінде автордың келісімінсіз жарияланған туындылардың ауқымы өте кең. Кей жағдайларда автор жайлы ақпараттар айтылмай тіпті өзгертіліп жатады. Gazeta.kz. интернет газетінің «Наш спорт» атты интернет ресурсында жарияланатын ақпараттарды "Спортивный портал Казахстана" газеті сайт иелерінің келісімінсіз пайдалана бастады. Нәтижесінде Gazeta.kz. интернет газетіне елеулі шығындар келтірілді. Ал «Спортивный портал Казахстана» газеті арнайы «Award» интернет жүлдесіне ие болды. Бұл жерде әділдік қайда деген мәселе туындайды?. Бұл келеңсіздіктерді жою мақсатында. Gazeta.kz. интернет газеті қолданушыларға бұл іс-әрекеттердің заңсыз және соны жауапкершілікке әкеліп соғатындығы жайлы хабарлама таратып, «Спортивный портал Казахстана» газетінің авторлық құқық бұзушылық әрекеттерін тоқтатты [1].

Жоғарыда қарастырылған ақпараттарды саралай келе біз келесідей мәселелерге толықталып өтуге жөн көрдік. Материалдарды онлайн орналастыру және автордың келісімінсіз оларға ашық қол жеткізуге жол беру. Интернет желісін қолданушылар бұл ақпараттарды желіге жүктеу тегін және авторлық құқық бұзылмайды деп есептейді. Бірақ автор өзінің туындысын сауда желісіне тіркеп, көздеген кірісіне жете алмайды. Себебі барлығы туындыны ашық интернет желісі арқылы жүктеп алады. Интернет желісіндегі авторлық құқықтың бұзылуын дәлелдеу қиынға соғады. Автордың құқығын бұзушы тұлғалар орын алған құқықбұзушылықты бірнеше батырманы басу арқылы жоя алады. Ал автор өз кезегінде авторлық құқық бұзушылықты дәлелдеу үшін тез арада контрафактілі ақпарат жарияланған сайттың бетін басып шығаруға міндетті.

Интернет желісіндегі туындарға авторлық құқықты иемдену. Электронды құжаттарды көшіру, автордың рұқсатынсыз өзгерту немесе өз туындысы ретінде көрсету. Бұл проблеманы шешу көптеген кедергілерге әкеліп соғады себебі, авторлық құқықты интернет желісінде дәлелдеу қиынға соғады. Ресей Федерациясында бұл проблеманың алдын алу үшін басып шығарылған туындыға нотариалдық куәлік берумен айналысады. Алайда бұл авторлық құқық фактісін дәлелдемейді, тек қана нотариустың бұл құжатты сол күні, сол уақытта көргендігін дәлелдейді. Бұл тәсілде Қазақстандық заңнамадада қарастырылған, алайда қолдану аясы күрт төменде. Айтылған ақпараттар көлемінде бұл мәселенің ауқымы кеңейе береді. Интернет желісі экстерриториалды болғандықтан

авторлық құқықты бұзу қай мемлекеттің заңымен жауапкершілікке тартылады, жауапкершілік кімге жүктеледі желіні пайдаланушы, контент-редактор, сайт иесі, провайдерлер немесе барлығы ма, егер бұл ақпараттар форумдарда, блогтарда жарияланса жауапкершілік кімге жүктелу керек, сайт редакторы ашық байланыс кеңістігін қадағалау керекпе?

Интернет желісіндегі зияткерлік меншікті қорғауың ең онай әдісі болып ол кез келген туындыларға авторлық құқықтарын жария ету болып табылады. Бұл кезекте қандайда бір келісім шарттарды немесе ресми құжаттарды талап етілмейді [2]. Мысал келтіретін болсақ мәтіндер, фотолар, басқада ақпараттардың соңына қол қою арқылы дәлелдеуге болады. Яғни Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 976 бабын сәйкес Copyright — © белгісін қолдану керек және автордың аты жөні, жарияланған жылы көрсетілу тиіс [3]. Бұл автор жоғарыда айтылған интеллектуалдық меншік объектілеріне өз құқықтарын білдіре алады. Кез келген тұлға ақпаратты пайдалану барысында сілтеме жасау арқылы қолданауға мүмкіндік береді. Бұның кемшілігі материалдық пайда әкелмейді тек авторлық құқықтарды растайды.

«Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау кеңесінің кезекті отырысында қарастырылған интеллектуалдық меншік құқығын бұзу және қорғауға қатысты біршама талқылаулар орындалды. Яғни зияткерлік меншік құқығын бұзған үшін кәсіпкер кем дегенде 50 мың ең төменгі жалақы мөлшерінде айыппұл төлейтіні атап айтылған. «Авторлық құқық пен сабақтас құқықтар» туралы заңға өзгерістер енгізілуде, бұл ойлап тапқан заттың, жаңалықтың, кескіндеменің және басқа жетістіктерге құқықтарды бұзу, рұқсатсыз пайдалану әкімшілік жауапкершіліктен ауыстырылып қылмыстық құқық бұзушылық қатарына жатқызды [4]. Қазақстан Республикасының Әділет Министірлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің сайтының ақпараттарына сүйенетін болсақ негізі мәселелер авторлық құқықтарды тіркеуге қатысты болып тұр. Сараптама жасау, оны тіркеу мерзімдерінің ұзақтығы секілді мәселелер толып жатыр[5].

Парламент заңдарды жақсарту және халықаралық құқық нормаларымен үйлесімділігін қамтамасыз барысында кең ауқымды қызмет атқарады. Үкіметке заң жобаларын әзірлеуші ретінде интеллектуалды меншікті қорғауды қамтамасыз ету үшін тиісті министрліктерді қарқындалту тапсырмасы берілу керек. Сыртқы Істер Министірлігі халықаралық келісімге қосылуды негіздеу және мемлекет заңнамасына сәйкестігі жөнінде квалификацияланған қорытынды беруі тиіс. Қазақстан Республикасының құқықтық саяси концепциясы қылмыстық саясатты гуманизация принципіне негіздейді, соның ішінде қылмыстық құқықпен жазаланатын әрекеттерді декриминализациялау. Бұл бағытты онша ауыр емес, ауырлығы орташа қылмыстарға қолдану тиімді. Интеллектуалды қызмет саласындағы құқық бұзушылықтар ауқымы жөнінен ұлғайып, қоғамға қауіптілігімен сипатталады, сол себепті интеллектуалдық қызмет саласындағы құқық бұзушылықтар қатаң түрде жазалануы тиіс деп ойлаймыз.

Ғылыми-зерттеу, білікті-конструкторлық және интеллектуалдық қызмет деңгейі адамзат дамуының анықтаушы факторы болып табылады. Индустриалды-инновациялық дамудың айқын көрінісі Оңтүстік Корея, Малазия, Сингапур мемлекеттері. Бұл мемлекеттер жоғары технологиялық өндірістерге құқықтық жағдай жасады және бұл тұрғыда мемлекеттің әрбір тұрғыны атсалысты. Бұл мемлекеттердің азаматтарының еңбек сүйгіштігі, патриоттық сананың жоғары деңгейі, өз амбицияларын ең алдымен бизнесте пайдалануды бірінші орынға қойды. Нәтижесінде әлемге аты шықпаған мемлекеттер дүние жүзіне технологиялық ғажайыптарды ұсынды.

Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамаға сәйкес зияткерлік меншікті қорғау жүйесін жетілдіруге бағытталған шаралар қабылданып жатыр. Зияткерлік меншікті қорғау жүйесін жетілдіру. Бұл саладағы жұмыс өнертапқыштарды ынталандыруға, олардың шығармашылық үлесін мойындауға, оларға өзінің өнертабысынан материалдық пайда алу мүмкіндігін беруге бағытталатын болады.

Интеллектуалдық меншікті қорғау ұлттық қауіпсіздік мәселерінің құрамына кіреді себебі, мемлекеттің әлемдік аренада өмір сүруі, цивилизацияланған азаматтық қоғамды қалыптастыру, бөтеннің мүлкіне, жеке басына деген құрмет көрсету негізгі мақсат болып табылады. Бұл мемлекетте табиғи байлықтардың болуы немесе болмауымен байланыссыз мемлекет дамуының негізі болып табылады. Ұлтымыздың, мемлекетіміздің бәсекелестікке қабілеттілігі осы қағидаларға негізделеді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Защита права на интеллектуальную собственность в интернете // <http://medialaw.asia/node/1096>

2. Авторское право в интернете // <https://ozakone.com/grazhdanskoe-pravo/avtorskoe-pravo-v-internete.html>

3. Азаматтық кодекс Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім). Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі (өзгертулер мен толықтырулар 01.07.2017) [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409\\_/links](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_/links)

4. Зияткерлік меншік заң қорғауында // <http://karagandy.atameken.kz/kk/news/23266-intellektualnaya-sobstvennost-pod-zashitoj>

5. Қазақстан Республикасының Әділет Министірлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің сайты // [www.intellkaz.kz](http://www.intellkaz.kz)

## СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘМІЛЕЛЕРДІҢ ТҮСІНІГІ

*Батырхан Ә., Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің заң факультетінің магистранты*

Сыртқы экономикалық мәміленің құқықтық мәселесін зерттеу үшін сыртқы экономикалық мәмілеге қатысты ұлттық заңнама мен халықаралық келісімдерді салыстыру, қазақстандық кәсіпкерлер мен шетелдік серіктестері арасындағы шарттық қатынастарын кеңейту және шетел инвесторларын Қазақстан Республикасының экономикасы мен экономикалық қатынастарын дамыту үшін тарту қазіргі уақытта өзекті мәселелердің бірі. Теориялық көзқарас бойынша сыртқы экономикалық мәмілелердің механизмдері үлкен қызығушылық туғызуда, себебі Қазақстан Республикасының доктринасында осы мәселе жөнінде арнайы заңи зерттеулер жүргізілмеген және халықаралық жеке құқық бұл мәселенің толық зерттелуін қажет етеді.

Қазақстан ұлттық заңнамасында сыртқы экономикалық мәміле жөнінде арнайы анықтама берілмеген. Сонымен қатар сыртқы экономикалық мәмілелерге таралатын халықаралық құқық нормаларын қабылдау және сыртқы экономикалық мәмілелерге қатысты халықаралық конвенциялар мен халықаралық сауда ұйымының нормаларына қосылу ұлттық заңнаманы дамыту үшін қажет. Тәжірибенің көрсетуі бойынша қазіргі кездегі нарықтың өсуі сыртқы экономикалық сатып алу-сату шарттарының қолдану аясын кеңейтті. Сол себептен сыртқы экономикалық мәмілелердің жаңа түрлері қолданыла бастады. Мысалы: лизинг, факторинг, форфейтинг және т.б. Қазіргі таңда жоғарыдағы мәміле түрлері теориялық және заңнамалық реттеу мәселелерін зерттеу қажеттігін туғызады. Сыртқы экономикалық мәмілелерге Қазақстан Республикасының кәсіпкерлері мен ТМД мемлекеттерінің серіктестері арасындағы келісім шарттары жатқызылады, ал бұрын бұл мәмілелер өз алдында тек қана ішкі мәміле ретінде қарастырылған [1].

Жоғарыда атап көрсетілгендей Қазақстан Республикасының заңдарында сыртқы экономикалық мәміленің түсінігі берілмеген, сол себептен оны нормативті және доктриналды анықтау қажет. Ерекше жағдай ретінде Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 153-б 3-т-да сыртқы экономикалық мәміленің жай жазбаша түрін сақтамау мәміленің жарамсыз болып қалуына әкеледі деп көрсетілген [2]. Осыған орай Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде сыртқы экономикалық мәміленің, жалпы алғанда, нақты түсінігі анықталмаған [3, 14]. Әрине, мұндай жағдай өз алдына ішкі мәміледен сыртқы экономикалық мәмілелердің өзара құқықтық ерекшеліктерін анықтап, айыру кезінде көптеген қиыншылықтар туындатуда.

Мәмілені сыртқы экономикалық деп тану үшін шетел құқығын қолдану өте маңызды. Мысалға бұрын қолданыста болған 1991 жылғы КСРО мен Республикалардың негізгі Азаматтық заңнамасының 166-бабына сәйкес, сыртқы экономикалық мәміледен туындайтын құқықтар мен міндеттемелер тараптардың келісімімен таңдалған елдің құқығымен реттеледі деп көрсетілген болатын [4]. Дәлірек айтсақ, тараптар сыртқы экономикалық мәмілелерді реттеу кезінде тараптар шетел құқығын таңдауға және сыртқы экономикалық мәміледен туындайтын дауды тараптар шетелдік арбитраждың қарауына беруге құқығы бар.

Қатысушылардың арасында қолданылатын құқық туралы келісім болмаған жағдайда, қатысушылар коллизиялық норманы таңдауға мүмкіндігі бар және осы мәселе сыртқы экономикалық мәмілені анықтау үшін қажет. Егер келісімде өзгеше көрсетілмесе осы Негізгі заңның 165-бабының 2-тармағында тараптардың мәмілеге қатысты туындайтын құқықтары мен міндеттері мәміле жасаған жердің құқығы бойынша анықталады. Негізгі заңның 166-бабында көрсетілген жағдайлар, тек қана сыртқы экономикалық мәмілелерге қатысты қолданылған.

Мәміленің сыртқы экономикалық деп танылуы қатысушы тараптарға шетел мемлекетінің құқығымен қоса, халықаралық конвенциялардың нормаларын қолдануға мүмкіндік береді. Ал,